**Автор**: Бектуреева Алма Султановна
**Пән**: Биология
**Сынып**: 8-сынып
**Бөлім**: Көбею
**Тақырып**: Ашықтұқымды және жабықтұқымды өсімдіктердің тіршілік циклі

---

| | |
|---|---|
| Сабақ мақсаты: Lesson objectives: | **Барлық оқушылар:**<br>Ашықтұқымды және жабықтұқымды өсімдіктердің тіршілік циклінің ерекшеліктерін біледі.<br>**Оқушылардың басым бөлігі**:<br>Ашықтұқымдылар мен жабықтұқымдылардың көбеюіндегі айырмашылықты біледі.<br>**Кейбір оқушылар:**<br>Ашықтұқымды және жабықтұқымды өсімдіктердің гаметаларының түзілу ерекшеліктерін салыстыра біледі. |
| Жетістік критерийі: | **Оқушылар:**<br>Тұқымды өсімдіктердің тіршілік циклин біледі. Көбею циклінде аналық бүрлердің тұқымынан жаңа ұрпақтың жетілетіні туралы біледі. Ашықтұқымды және жабықтұқымды өсімдіктердің гаметаларының |
| Құндылықтарға баулу | «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясының «Зайырлы қоғам жоғары руханият» құндылықтарына сйәкес оқушы бойында іздену, білім беру, денсаулық сақтау ұлттық жүйені табысты дамыту сияқты дағдылар қалыптастырады.<br><br>Достық қарым – қатынас,<br>Өзге тілдің бәрін біл – өз тіліңді құрметте! |
| Пәнаралық байланыс | Жаратылыстану, орыс тілі, ағылшын. |
| Алдыңғы білім | Спорофитті өсімдіктер |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы Beginner Ұйымдастыру кезеңі Organizationmoment (8мин) | **Сәлемдесу.** Good afternoon dear students? I'm very glad to see you! How are you today? What date is it today? Who is absent today?<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>**Кіріспе.** Ұйымдастыру кезеңі Оқушылармен сәлемдесу (Оқушылар назарын сабаққа аударамын, сабақ мақсатымен тақырыбымен таныстырамын, жемістер арқылы топқа бөлінеді Apple,banane,orange)<br>Үй тапсырмасын сұрау (интерактивті тақтамен жұмыс)<br>1. Конверттегі сұрақ (конвертке сұрақ салынады)<br>1. Споралы өсімдіктер мүктер мен қырыққжапырақтардың тіршілік циклі қанша фазадан тұрады? үштілде (2 фазадан тұрады спорофит және гаметофит).<br>2. Спорофит дегеніміз не? Что такое спорофит? (өсімдіктердің тіршілік циклдіндегі жыныссыз ұрпақ диплоидты және гаплоидты)<br>3. Гаметофит дегеніміз не? (өсімдіктердің тіршілік циклдіндегі жынысты ұрпақ)<br>4. Споралы өсімдіктерде жасушалардың қандай жолмен бөлінуінен гаметалар, ал қандай жолмен бөлінуінен гаметалар, ал қандай жолмен бөлінуінен споралар түзіледі?<br>5. Why do mosses and need spores?<br>6. What is the importance of sexual reproduction is mosses and ferns?<br>7. What is the difference between gametophyte and sporophyte?<br>8. Moss life cycle<br>9. Whats the mosses?<br>10. Whats the forn ? 10 балл | Топ аттары жазылған қағаз қиындылары<br><br>АКТ<br><br>слайд Мадақтау сөздермен |

| Сабаққкезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
| --- | --- | --- |
| Сабақтың ортасы :<br>Mainpart:<br>(22мин) | **Жаңа сабақты** «Миға шабуыл» әдісі арқылы меңгереді Why do plants form flowers? 2минут<br>Оқушылар пікірі сұралады тақырып бойынша<br>1.Тақырыпқа байланысты ағылшынша видео көрсетіледі. (3мин)<br>https://bilimland.kz/en/courses/biology-en/the-world-of-plants/the-diversity-of-plants/lesson/gymnosperm<br>https://bilimland.kz/en/courses/biology-en/the-world-of-plants/the-diversity-of-plants/lesson/angiosperms<br>**Мәтінмен танысады 1.Термин сөздер беріледі әр оқушыға (2 мин)**<br>Кәдімгі қарағай Жарық сүйгіш өсімдік, тамыры тереңге кетеді. Орманда өскен қарағай түзу, сымбатты болып өседі. h=40 м, жарық көп түскен жерде тез өседі. Тамыры кіндік тамырлы. Жанама тамырлары ұсақ тамыршаларға бөлініп, микориза түзеді. Жапырақтары өркенге жұптасып орналасады. Арша – даражынысты, екіүйлі өсімдік. Бүрі жұмсақ, шар тәрізді жидекке ұқсас. Халық оны «Бүржидек» деп те атаған. Оның бүрінен мармелад дайындалады. Балқарағай жапырағы күзге қарай ашық - сары түске боялып, қысқа қарай түсіп қалады. Сабаққа топтанып орналасады. 400 - 500 жыл өмір сүреді. Кеме, самолет, автомобиль детальдарын жасауға қолданады, суға шірімейтіндіктен көпірге төсейді. Жапырағынан алынатын эфир майын иісті су, сабын, крем өндіруге пайдаланады. Самырсын – қатты келген қою жасыл қылқандары 5, 15, 30, 40 - тан топтанып орналасады. Қарағай – жапырақтары жұптасып орналасады, бұтақта 2 - 3 жыл сақталады, жерге түскен жапырақтар р ұзын болады.<br>**Жабық тұқымдылар бөлімі** (покрытосеменные) – осы кездегі өсімдіктер дүниесінің ішіндегі ең кең таралғандарының бірі. Жабық тұқымды өсімдіктер өміршең келеді. Бұл қасиет олардың өзгергіштігі мен бейімделушілігінің нәтижесінде қалыптасқан. Соған байланысты жабық тұқымдылар әлемнің барлық құрлықтарында кеңінен таралған. Олардың 250 000-дай түр бар. Гүлді өсімдіктердің тұқымы жемістің ішінде жетіледі. Сондықтан бұл өсімдіктерді жабық тұқымдылар деп атайды. Жабық тұқымды өсімдіктерде гүл көбею мүшесі болып табылады. Тек жабық тұқымды өсімдіктерде ғана гүлдер түзілген. Осы гүлдерде аталықтар мен аналықтар жетіледі. Аналықтың жатынында (гүл түйіндерінде) тұқым бүршіктері орналасады.<br>Image not found or type unknown<br><br>5 минут<br>**1 топ:** Ашықтұқымды және жабықтұқымды өсімдіктердің суретін салып үштілде сипаттама береді.<br>**2 топ:** Ашықтұқымды және жабықтұқымды өсімдіктері қай жерде кездеседі? Қазақстан картасынан көрсетіп береді<br>**3 топ:** Ашықтұқымды және жабықтұқымды өсімдіктерді салыстырады Венн диаграммасы арқылы үштілде<br><br>Қалыптастырушы бағалау<br>Бас бармақпен бағалау<br>Жауап берген оқушыға коньфет беру<br>Image not found or type unknown<br>**Берілетін тапсырмалар:**<br><br>Дескриптор Сұрақтарға жауап береді<br>Алған әсерімен бөліседі | Image not found or type unknown<br><br>**Bilimland.kz** |

| Сабақкезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Сергіту сәті<br>Warm up<br>(2мин) | **Би**<br>**3. Шардағы сұрақ әдісі арқылы оқушылар әр шардағы сұраққа жауап беруі қажет 5 минут** 3балл<br>1. Тұқымды өсімдіктер қанша топқа бөлінеді?<br>2. Ашықтұқымдылардың тіршілік циклі<br>3. Қарағайдың көбеюі<br>4. Ашықтұқымды өсімдіктердің аталық, аналық гаметалары және микро-мега споралары қашан, қайда (қандай құрылымдарда) түзіледі?<br>5.Жабықтұқымды өсімдіктердің аталық, аналық гаметалары және микро,мега споралары қашан, қайда (қандай құрылымдарда) түзіледі?<br>6. Ашықтұқымдылардың бүрлері қандай қызмет атқарады?<br>7. Жабықтұқымдылардың гүлі қандай қызмет атқарады?<br>8.Ашықтұқымдылар мен жабықтұқымдылардың көбеюіндегі айырмашылықты көрсетіңіз 9. Тұқымды өсімдіктердің тіршілік цикліне жалпы сипаттама<br>4. **«Алтын қақпа» ойыны 3 минут** 1балл Әр қақпаның өз сұрақтары болады. Сұрақтарға жауап беріп, қақпаны ашу керек.<br>1. **Темір қақпа сұрағы:** Тұқымдары қорғанысшсыз, қабыршақта бүрде ашық орналасқан өсімдіктер тобы қалай аталады? (ашықтұқымдылар)<br>2. Күміс қақпа сұрағы: Балқарағайдың өзге қылқанжапырақтылардан айырмашылығы неде? (жыл сайын күзде жапырағы сарғайып, түсіп отырады)<br>3. Бұл қылқанжапырақты өсімдік бүрінен мармелад дайындалады. Сондықтан халық оны «бүржидек» деп те атайды. (арша) Үш қақпаның сұрақтарына жауап берілген соң ең түпкі қақпадан мынадай қорытынды сөз шығады. | |
| Сабақты бекіту<br>Assigning a lesson<br>(5мин) | **Қортынды тапсырма**<br>**4. Жұптық жұмыс Адасқан әріптерден сөз құрау 3 минут 4 балл**<br>1. Ашық тұқымды өсімдіктер<br>2. Жабық тұқымды өсімдіктер<br>3. Тұқым<br>4. Өсімдік<br>5.Қарағай<br>6.Мегаспоралар<br>7.Микроспоралар<br>8.Аналық гамета<br>9.Бүр<br>10.Генеративті жасушалар<br>**Саралау тапсырмалары 2 минут**<br>1. Ашықтұқымды өсімдіктерге қандай өсімдіктер жатады?<br>2. Жабық тұқымды өсімдіктерге қандай өсімдіктер жатады? | |
| Үй тапсырмасы<br>Hometask<br>(3мин) | Жаңа сөздерді жаттау.<br>Learn by heart terminology.<br>§48 оқу | оқулық |